

Тұрмағанбет ауылындағы бұрын атау берілмеген көшеге Бәйменов Уатай Балақбайұлының есімін беру туралы

Қызылорда облысы Қармақшы ауданы Дауылкөл ауылдық округі әкімінің 2010 жылғы 09 тамыздағы N 108 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаменті Қармақшы аудандық Әділет басқармасында 2010 жылы 16 қыркүйекте N 10-5-143 тіркелді

Қазақстан Республикасының Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы, Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы Заңдарын және 2010 жылғы 13 шілдедегі Қармақшы ауданы әкімдігі жанындағы ономастикалық комиссияның ұйғарымы және N 1 хаттамасына сәйкес

Ш Е Ш Е М І Н :

1. Тұрмағанбет ауылының батыс бөлігіндегі жас мамандарға арнап салынған тұрғын үйлер орналасқан көшеге Бәйменов Уатай Балақбайұлының есімі берілсін.
2. Шешім ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізілсін.

Дауылкөл ауылдық округі әкімі

Ә. Мұханбетқалиев